# ВОП-тың амбулаторлық қабылдауда соматикалық бұзулар бар балалармен қарым-қатынас жасау негізі



*Орындаған: Тазабекова А.*
*730 ЖДП Интерн*
*Тексерген:Мусина Г.Б*

Астана
2016

# Жоспар:

- *Қарым-қатынас дегеніміз не?*
- *Қарым-қатынас түрлері мен принциптері*
- *Соматикалық бұзулары бар балалармен қарым-қатынас*
- *Қорытынды*

*Өзіміз қандай қарым-қатынас қаласақ басқаларға да дәл сондай болайық*
*Аристотель*

***Қарым-қатынас дегеніміз-*** *адамдар арасындағы байланыстың орнауы мен дамуы, ортақ іс-әрекет қажеттілігімен ақпарат алмасуды қажет ететін күрделі көп жақты процесс.*



# Қарым-қатынас арқылы

- Сөйлесу
- Ақпарат беру
- Ой алмасу
- Мойындау
- Бағалау
- Түсіну
- Қабылдау

Осының ішінде балалармен жасалатын қарым-қатынаста маңызды:
-Сөйлесу
-Ақпарат беру
-Қабылдау
-Түсіну

# JANIS зерттеулері бойынша

*Janis хирургиялық бөлім науқастарының қорқынышын зерттей отырып, эмоционалды реакцияның үш түрін көрсетеді.*

*1.Бірінші топтың науқастары операция алдында өте қатты қорқыныш сезінеді. Олар өз қорқыныштарын ашық айтып, операцияны кейінге жылжытуға тырысады. Тыныштыратын дәрісіз ұйықтай алмай, жанындағылардан үнемі жанашу, қолдау күтеді. Бұл науқастар басқаларға қарағанда, операциядан соң да мазасыздық сезінеді.*

# *Екінші топтағылар*

*Екінші топтағылар операция алдында қалыпты қорқыныш сезініп, кейде операцияның қалай жасалатынын, содан кейін өзімен не болуы мүмкін екенін сұрастырып отырады.Бұл науқастардың қорқынышы себепсіз, ойдан шығарылған қорқыныш емес. Және операциядан соң біршама ғана эмоционалды бұзылыстар байқалады.*

# *Үшінші топ*

*Үшінші топ науқастары операция алдында тіпті қорқыныш сезбейді. Олар жағдайға дұрыс қарап, жақсы ұйықтайды. Олардың іс-әрекеттері шектен тыс оптимистік тұрғыда болады. Бірақ операциядан соң болатын ауруларға төзе алмай қайта-қайта шағымдана береді, ашу шақырып, агрессивтілік танытады.Өз ашуларын емхана  қызметкерлеріне көрсетеді.*